

4 Семенова Н.Г. Пресуппозиция как способ связи между высказываниями (на материале английской художественной литературы XX века). Диссертация на соискание ученой степени кандидата филологических наук. – М., 1984. 184 стр.

5 Умерова М.В. Импликация в семантической структуре текста // Вопросы филологических наук. – М.: ООО Издательство Спутник+, 2010. – С. 95-100.

6 Оразбаева Ф. Тілдік қатынас. Оқулық. – Алматы: Сөздік-словарь, 2005. – 272 б.

7 Кенжеғалиев С.А., Шадыкенов Ә.Қ. Когнитивтік лингвистика. Оқу-әдістемелік құрал. – Қарағанды, 2008. – 103 б.

8 Новейший словарь иностранных слов и выражений. – М.: ООО Издательство АСТ, Мн.: Харвест, 2002. – 976 с.

9 Оразов М. Қазақ тілінің семантикасы. – Алматы: Рауан, 1991. – 216 б.

10 Баймұрынов Ж.М. Пресуппозициядағы сыйыстырушылық сипат // ҚР ҰҒА хабарлары. Филология сериясы. – 2008. – № 4. – Б. 70-75.

11 Жабаева С. Когнитивные аспекты имплицитной семантики текста // ҚазҰУ хабаршысы. Филология сериясы. – 2006. – № 6. – Б.100-103

## **Турсунова Гульшат Конуспековна**

Қазақ тілі пәні мұғалімі

Қарағанды облысы Білім Басқармасының №1 арнайы мектеп-интернаты КММ

### **ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҚТАРЫНДА ЖАҢА ӘДІС-ТӘСІЛДЕРМЕН ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ**

Қазақ тілі сабағының басты мақсаты – орыс тілді оқушыларды қазақ тілінде еркін сөйлету, сөйлем ішіндегі сөздердің орын тәртібін дұрыс қолдану, қазақша қойылған сұрақтарды түсініп, дұрыс жауап бере алуға үйрету. Сондықтан қазақ тілі сабағында осы мақсатқа жету үшін әр түрлі әдіс-тәсілдерді, технологияларды қолданған жөн. Сонда ғана оқушылардың қазақ тілі сабағына деген қызығушылықтары арта түседі.

Бүгінгі таңда негізгі талап – өмірден өз орнын таңдай алатын, өзара қарым-қатынаста өзін еркін ұстап, кез-келген ортаға тез бейімделетін, өз ойы мен пікірін айта білетін, мәдениетті жеке тұлғаны қалыптастырып тәрбиелеу. Оқыту әдістері - оқытудың мақсат-міндеттеріне сай оның мазмұнын оқушыларға меңгертуде оқытушы мен оқушылардың қолданатын амал-тәсілдері мен құралдарының жиынтығы болып табылады. Оқытушы оқыту әдістерінің көмегімен оқушыларға білім беріп, олардың тәжірибелік әрекетін ұйымдастыруда өзінің іс-әрекетін оқушылардың таным әрекетіне басшылық етумен байланыстырады.

Оқу құралында соңғы жылдары әдістемемізге еніп жатқан жаңа әдіс-тәсілдер мен жаттығулар, рефлексия мен кері байланыс, тренингтер мен ойсергектер, ойындар жинақталған.

Әр сабақта осы технологиялардың элементтерін қолдана отырып оқытса, нәтижеге жетуге болады. Мұғалім сабақта оқыту әдісін дұрыс таңдау керек, сабақты дұрыс бағытта жүргізу керек. Мұғалім әңгімелейді, түсіндіреді, оқушыға бағыт беріп отырады, ал оқушы тыңдайды, қабылдайды, ойлайды, топта, жұпта, өзбетінше жұмыс істейді, таным әрекеттерін жасайды.

«Венн» диаграммасын қолдану арқылы тақырыптың ұқсастығы мен айырмашылығын көрсетуге болады. Оқушылардың тілдік дағдыларын қалыптастыру мақсатында «5 жолдық өлең», «ПОПС» формуласы, «Төрт сөйлем», «Ассоциограмма», «кубизм» әдістерін қолдануға болады. Мұнда оқушылар өз деңгейлерін, өз көзқарастарын білдіре алады. Тіпті қабілеті төмен оқушылардың өздері 3,4 сөз тіркестерін құрастырып өздері жазса, оқушыны сабаққа қызықтырады.

Сабақтың қай құрылымында болмасын, оқушы осындай стратегияларды қолданғаны дұрыс «Мен не түсіндім?», «Мен не білдім?», «Мен нені білгім келеді?».

Мысал ретінде келесі сабақ жоспары ұсынылады.

«Көлдер» тақырыбы 8-сыныпта «Шарын шатқалына бардың ба?» деген модульде берілген.

Сабақтың мақсаты – мәтін арқылы оқушыларға Қазақстанның сұлу жерлерін көрсете отырып, табиғатқа деген сүйіспеншілікті тәрбиелеу. Әр түрлі тапсырмалар, әдіс-тәсілдер, технологиялар арқылы оқушылардың тақырып бойынша өзіндік ой-пікірін айта білулерін, дұрыс сөйлем құрастырып, бір-біріне сұрақ қоя білуге, түсінгендерін әңгімелеуге дағдыландыру.

**Сабақ жоспары. 8-сынып.**

**Сабақтың тақырыбы: Көлдер.**

**Сабақтың ұраны:**

Адамдардың табиғатсыз күні жоқ

Мұны айтуға табиғаттың тілі жоқ.

**Сабақтың мақсаты:** оқушылармен табиғатты қорғау туралы, өзен, көлдерді ластамау, сақтау туралы әңгіме жүргізу, берілген мәтіннің мазмұнын түсінуге байланысты жұмыс жүргізу жаңа сөздерді меңгеру, оларды дұрыс айтуға жаттықтыру. Табиғат тақырыбын оқу және жазу арқылы сын тұрғысынан ойлап талқылауға үйрету. Осы мақсатқа жету үшін пайдаланылатын стратегиялар бізді маңызды істерге бастайды.

1. Бір бірінің пікірін құрметтейтін ортаны қамтамасыз ету.

2. Оқушыларға анық та нақты мақсат қоюға мүмкіндік береді.

3. Табиғат тақырыбын талқылауға белсенділікпен қатысуға үйретеді.

4. Шығармашылықпен жұмыс істеуге ұмтылады.

5. Өздерінің айтқан, жазған жауаптарына толғанып ойлауын қамтамасыз етеді.

6. Оқушыларды ойлау қабілетін дамыту арқылы өз ойын тұжырымдауға және басқалардың көзқарасын сыйлауға үйрету.

**Пәнаралық байланыс:** тарих, әдебиет, табиғаттану, орыс тілі.

**Сабақта қолданылатын әдіс-тәсілдер:** баяндау, әңгімелеу, сұрақ-жауап, ой шақыру, топтастыру, Венн диаграммасы, еркін жауап, 5 жолдан тұратын қорытындылау тақпақ, мәтінмен жұмыс, диалог, ой толғаныс, семантикалық карта.

**Сабақтың көрнекілігі:** табиғат жайында жазылған нақыл сөздер, суреттер, тыйым сөздер, тірек схемалар, мәтін басылған қағаздар, маркерлер, семантикалық карта,

Венн диаграммасы, музыка.

**Сабақтың барысы:**

**Ұйымдастыру кезеңі.**

- Сәлеметсіңдер ме балалар ! Отырыңдар! Бүгін кім кезекші? Сыныпта кім жоқ?

Бүгін нешесі? Аптаның қай күні ?

Жұмбақ өлең:

- Балалар, мен жұмбақ өлең оқимын, соның шешуін табыңдар.

Қар еріп, су ағады,

Сарқырап сайға толады.

Күн ұзарып жылиды,

Бұл қай кезде болады?

- Дұрыс, осы өзгерістер көктемде болады. Ал енді, балалар, жыл мезгілі немесе табиғат туралы қандай мақал-мәтелдер білесіңдер?

Өрісіне қарай мал өсер, өзеніне қарай тал өсер.

Көлдің көркі - құрақ, таудың көркі – бұлақ.

Өткелін білмесең, судан өтпе.

**Сабақтың тақырыбы мен мақсатымен таныстырып шығу:**

- Бүгінгі сабақтың тақырыбы да табиғат туралы: «Көлдер».

**Сабақтың мақсаты:** бүгін біз жаңа сөздермен танысамыз, мәтінмен жұмыс жасаймыз, жұмбақ шешеміз, Венн диаграмма құрастырамыз, тірек схема арқылы диалог құрастырамыз, шағын әңгіме құрастырамыз.

Дәптермен жұмыс: Қазір осы суретке назар аударайық, жазылған нақыл сөзді оқып, аударып, бүгінгі сабақтың ұранының мағынасын түсінейік.

«Адамдардың табиғатсыз күні жоқ,

Мұны айтуға табиғаттың тілі жоқ».

Осы нақыл сөз туралы не айтасындар?

Қалай ойлайсындар осылай неге айтылған, дұрыс айтылған сөз бе?

### **Кіріспе әңгіме:**

- Балалар, жұмыс дәптерлеріңді ашып, бүгінгі күнді, тақырыпты, ұранды көшіріп жазыңдар.

Ата - бабаларымыздан қалған қастерлі де, мұралардың бірі – табиғатты аялау, өзен, көлдерді сақтап қалуға үлесімізді қосып, оған үнемі қамқорлық жасап отыру, табиғатты көркейту.

Бабалар табиғатты аялаған,

Мал бағып, бауырын саялаған.

Табиғатты «Ана» деп ардақ тұтып,

Қамқорлығын ешқашан аямаған ...

Біздің қазіргі кезде ауымыздан күнделікті тастамай айтып жүрген экологиялық мәселерімізге қазақ халқы ертеден-ақ ерекше мән берген. Тыйым сөздерді әрбір жеке табиғат байлықтарына арнайы экологиялық жазғызу: тыйым сөздер де халық арасында кеңінен таралған. Мысалы: судың тазалығын сақтауға арналған тыйым сөздер : «суға түкірме», «суды ылайлама», «су ішкен құдығыңа түкірме», «бұлақты былғама».

Оқушыларды 3 топқа бөлу.

Топтастыру әдісі (қағаз, маркерлер 3 топқа).

- Балалар, мен сендерге «Көлдер» тақырыбын бердім, алдарына қағаз қойылды, тақырып бойынша уақыт біткенінше жаза бересіз. Сосын уақыт біткенін ескертемін, 3 топ жазғанын тақтаға іледі. Топ атынан шыққан оқушы «Көлдер» анықтамасын оқып шығады, табиғат туралы кіріспе сөзінде толық айтып кетеді.

Венн диаграмма:

- Келесі тапсырма Венн диаграммасы қабысып жатқан үш дөңгелектен тұрады.

Ауа мен су туралы бар білетіндерін өз дөңгелегіне жазу керек. Ал екеуіне ортақ қасиеттерін ортасына жазасындар. Әр топ алдындағы қағазға білгенін толтырады. Сосын әр топтан бір оқушы жазғанын оқиды.

### **1. Мәтінмен жұмыс:**

Әр топқа мәтін беріледі (оқулықтан 182бет 2, 3-тапсырма ) - оны оқып, диалог жүргізуге сұрақтар құрастырады, бір топ екінші топқа сұрақ қояды.

### **2. Грамматикалық тапсырма:**

Мәтіннен етістіктерді теріп жазып, бұйрық рай формасына қойып жазу.

Мысалы: пайда болады, ағып шығады, ластанады, ағып шықпайды, тайды, жатады.

### **3. Сұрақтарға жауап беру:**

Қарточкаларға сұрақтар жазылады, әр сұрақ ұпаймен белгіленген.

10 ұпай – Әлемдегі ең терең көл? (Байқал)

10 ұпай – Әлемдегі ең ірі көл? (Каспий)

20 ұпай – Көлдер қалай пайда болады? (Үлкен ойпаң жерлерде)

20 ұпай - Қазақстанда неше көл бар? (48 мыңнан астам)

30 ұпай – Ақпайтын көлдер деп қандай көлдерді атайды? (Сулары ағып шықпайтын)

30 ұпай – Каспий көлінің ұзындығы? (1200 км)

### **4. Сэнкуэн 5 жолдан тұратын қорытындылау тақпағы.**

Нұсқау.1. Бірінші жол тақырыпты суреттейтін сөз. Ол зат есімнен болуы шарт.

2. Екінші жол сол тақырыпты суреттейтін екі сөзден тұру керек. Екі сын есім.

3. Үшінші жол іс- әрекетті көрсететін үш сөз болуы тиіс.

4.Төртінші жол төрт сөзден тұратын мағыналы сөйлем.

5.Соңғы жол синоним болуы керек. Жасалу жолы.

Тақырып. (Зат есім) Көлдер. Суреттеу (екі сын есім) Ғажап. Тамаша. Қимыл (үш етістік) Аялайды. Қорғайды. Сақтайды. Сезіну (төрт сөзден сөйлем). Көлдер – біздің асыл қазынамыз. Синоним. Көл. Дария.

**5. Ой толғаныс «Су-табиғат байлығы» тірек-сызба бойынша мәтін құрастыру.**

Әр топ өз құрастырған мәтінін ортаға салады.

### **Сабақты қорытындылау:**

Семантикалық карта:

- Ал енді, балалар, осы семантикалық картаны жазып толтырыңдар. Бірінші:

Нені білдім? Бүгінгі сабақта қандай білім алдыңдар, немен таныстыңдар, екінші – Нені білгім келеді?

**Үйге тапсырма:** Көлдер туралы сөзжұмбақ жасау және мақал- мәтелдерді, тыйым сөздерді жаттап келу.

**Бағалау:** Ал енді, балалар, білімдерінді бағалаймын. Сабақ аяқталды, сау болыңдар!

### **Пайданылған әдебиеттер:**

- 1 Артыкова Т. 8-сынып оқулығы. – Алматы: Атамұра, 2012.
- 2 Селевко Г.К. Современные образовательные технологии: Учебное пособие. – М.: Народное образование, 1998.
- 3 Адамбаева Ж. Орыс мектептерінде қазақ тілін оқытудың кейбір мәселелері. – Алматы, 993.
- 4 Аманбаева М.А. Қазақ тілі сабағында жаңа технологияларды пайдалану. –Алматы, 2000.

### **Ануар Сымбат**

Филология факультетінің 1-курс магистранты  
Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті  
[bota\\_021@mail.ru](mailto:bota_021@mail.ru)

*Ғылыми жетекшісі:*

*ф.ғ.к., қауымдастырылған профессор*

*Е.Е.Түйме*

## **ТІЛДІК НОРМА ЖӘНЕ ӘДЕБИ ТІЛ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

Тілдің жүйелілік қасиеті оның құрылымына, заңдылықтары мен ережелеріне қатаң сүйенеді. Ол бірден қалыптаса салмайды, уақыт елегінен, сүзгіден өтіп, жалпыхалықтық сипат алудан пайда болады. Тілдегі бірізділікті, белгілі бір тәртіпке бағынуды тілдік норма дейміз. М.Балақасевтың пікірін басшылыққа алатын болсақ, тілдік норма тілдің ішкі заңды жүйелері негізінде дамып қалыптасады, олар сұрыпталған, ұтымды орайында, жалпыға бірдей ортақ түрінде жұмсалады. Ол тәртіпті орнататын да, оның иінін қандыратын да әдеби тіл. Тілдің дыбыс жүйесі, сөз байлығы, сөз мағыналары, тілдің грамматикалық құрылысы – бәрі қалыптасқан заңды ерекшеліктерге негізделеді. Халық тілінің сан қабат байлығы басы бір жерге қосылмайтын бытыраңқы құбылыс емес. Олардың бәрінде әдеби тілге негіз боларлықтай заңдылықтар бар. Қазақ әдеби тілі халық тілінен өзіне керегін таңдап-талғап, сұрыптап алып, оларды жалпы жұртқа ортақ етіп, халықтың тіл мәдениеті дәрежесі жоғары болу үшін оларды бірізге түсіреді [1]. Мысалы, кез келген қоғамдағы жаңа құбылыс, жаңа құрылыс, жаңа қарым-қатынас жаңа ұғымдарды туғызатыны белгілі. Бұл жаңа ұғымдарды белгілеу үшін жаңа атаулар қажет. XX ғасырдың басында ресми іс-қағаздары лексикасының құрамы жаңа ұғым, қолданыстарды белгілеу үшін жаңа атаулармен, жаңа терминдік тіркестермен толыға бастады. Олар ана тіліміздің байырғы сөздері негізінде жасалып,